Әділет

# "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 94 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 439 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011–2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 94 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 18, 211 -құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011–2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«1. Миссиясы мен пайымдауы» деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«Миссиясы. Қазақстан Республикасының экономикалық өсіміне жәрдемдесу және экономикасының жоғары бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу мақсатында бюджеттің тиімді атқарылуын қамтамасыз ету.

Пайымдауы. Неғұрлым дамыған, орнықты және прогрессивті эволюцияланатын қаржылық жүйелердің бірі ретінде әлемдік қаржылық қоғамдастық жіктейтін тиімді жұмыс істейтін бюджеттің атқарылу жүйесі»;

«2. Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларын (аяларын) дамыту үрдістерін талдау» деген бөлімде:

«1-стратегиялық бағыт. Нәтижеге бағдарланған бюджетті жетілдіру» деген тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«1-стратегиялық бағыт. Республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету»;

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикатор, іс-шаралар мен нәтижелер көрсеткіштері» деген 3-бөлімде:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикатор, іс-шаралар мен нәтижелер көрсеткіштері» деген кіші 3.1-бөлімде:

«1-Стратегиялық бағыт. «Нәтижеге бағдарланған бюджетті жетілдіру» деген тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«1-стратегиялық бағыт. Республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету»:

«Бюджетті жоспарлау сапасын арттыру» деген 1.1-мақсат алынып тасталсын;

«Бюджетті орындаудың сапасын, шығыстардың тиімділігі мен қаржылық тәртіпті арттыру, сондай-ақ мемлекеттік борышты қауіпсіз деңгейде ұстау» деген 1.2-мақсатта:

«1.2» деген сандар «1.1» деген сандармен ауыстырылсын;

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «Мемлекеттік шығыстардағы ысырапшылдық» бәсекеге қабілеттілік индексінің Жаһандық индикаторы | ДЭФ БҚИ есебі | Позиция | 52 | 50 | 31 | 31 | 31 | 31 | 31 |

»,

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бюджет қаражатын игеруге қарағанда бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижелеріне қол жеткізудің ара қатынасы | ҚР ҚМ есептілік деректері | % | - | - | - | 100 | 100 | 100 | 100 |

»

деген жолдар алынып тасталсын;

«Республикалық бюджеттің орындалуын қамтамасыз ету, 2020 жылға қарай Ұлттық қордың активтерін ІЖӨ-ні кемінде 30 % деңгейге дейін жеткізу» деген 1.2.1-міндетте: «1.2.1» деген сандар «1.1.1» деген сандармен ауыстырылсын;

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылу мониторингін өткізуді қамтамасыз ету | Бюджет тік бағдарламалар әкімшілерінің есептік деректері | % | - | - | - | 50 | 100 | 100 | 100 |

»,

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Заңды тұлғалардың жарғылық капиталында мемлекеттік қатысу арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асыру мониторингінің есебі бойынша ақпаратты жинау және дайындау | - | x | x | x | x |

»

деген жолдар алынып тасталсын;

«Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін іс-шаралар» мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Республикалық бюджет шығыстарының атқарылуына талдау | - | - | x | x | x |
| Республикалық бюджеттің шығыстар бөлігінің атқарылуы туралы ай сайынғы талдамалық есепті қалыптастыру | - | - | x | x | x |
| Ағымдағы қаржылық жылдың тоғыз айының қорытындысынан бастап республикалық және жергілікті бюджеттердің шығыс бөлігінің күтіліп отырған атқарылуын болжамдау | - | - | x | x | x |
| Республикалық бюджетті әзірлеу және нақтылау кезінде бюджеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органға есеп үшін республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерін, нысаналы трансферттерді және кредиттерді іске асыру мониторингінің нәтижелері, республикалық бюджет шығыстарының атқарылуы туралы талдамалы есептердің нәтижелері жөнінде ұсыныстар қалыптастыру | - | - | x | x | x |

»;

«Мемлекеттік мекемелердің бюджеттері мен шоттарының орындалуына көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру» деген 1.2.2-міндетте: «1.2.2» деген сандар «1.1.2» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік, аудит саласында бәсекеге қабілеттілікті арттыру» деген 1.2.3-міндетте: «1.2.3» деген сандар «1.1.3» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бизнес-ортасы үшін жағдай жасау» деген 1.2.4-міндетте: «1.2.4» деген сандар « 1.1.4» деген сандармен ауыстырылсын;

«Мемлекеттік сатып алу процесінің тиімділігін арттыру» деген 1.3-мақсатта: «1.3» деген сандар «1.2» деген сандармен ауыстырылсын;

«Мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігі мен айқындылығын арттыру» деген 1.3.1-міндетте: «1.3.1» деген сандар «1.2.1» деген сандармен ауыстырылсын;

«е-Қаржымині» ықпалдастырылған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру» деген 1.4-мақсатта: «1.4» деген сандар «1.3» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қаржы министрлігінің және оның құрылымдық бөлімшелерінің мемлекеттік функцияларды орындау және мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсыну жөніндегі бизнес үдерістерін автоматтандыру» деген 1.4.1-міндетте: «1.4.1» деген сандар «1.3.1» деген сандармен ауыстырылсын;

«Салықтық және кедендік жүйелерді жетілдіру» деген 2-стратегиялық бағытта:

«Салықтық әкімшілендіруді жақсарту» деген 2.1-мақсатта:

«Салықтардың толық түсуін қамтамасыз ету» деген 2.1.1-міндетте:

«Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін іс-шаралар» мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Шағымдану процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу | - | - | х | - | - |
| Бизнес – процестер реинжинирингі | - | - | х | х | - |

»;

«Ұсынылатын салықтық қызмет көрсетулердің сапасын арттыру» деген 2.1.2-міндетте:

«Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін іс-шаралар» мына:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Салық қызметі органдары көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу және енгізу | - | х | - | - | - |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Салық қызметі органдары көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу және енгізу | - | х | х | - | - |

»;

«Кедендік әкімшілендіруді жақсарту» деген 2.2-мақсатта:

«Ұсынылатын кедендік қызмет көрсетулердің сапасын арттыру» деген 2.2.2-міндетте:

«Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу іс-шаралары» мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кедендік қызмет органдары көрсететін мемлекеттік қызмет стандарттары мен регламенттерін әзірлеу және енгізу | - | - | х | - | - |

»;

«Республикалық мемлекеттік меншікті және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншікті басқару жүйесінің тиімділігін арттыру» деген 4-стратегиялық бағытта:

«Мемлекеттік меншікті және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншікті басқаруды жетілдіру» деген 4.1-мақсатта:

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Кәсіпорындардың жалпы санына қарағанда тәуекел аймағында орналасқан кәсіпорындардың үлесі ( экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншікті және мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру) | Меншік объектілерінің тәуекелдерді басқару жүйесі | % | - | - | 19 | 17 | 15 | 13 | 11 |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мониторинг объектілері мен электрондық аукциондардың олардың жалпы санының қабылданған ұсынымдарының үлес салмағы | Мемлекеттің қатысуы бар қаржылық шаруашылық ұйымды талдау, консалтингтік фирмалардың есебі | % | - | - | - | - | 23 | 54,3 | 55,6 |

»;

«Республикалық мемлекеттік меншікті және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншікті басқару процестерінің тиімділігін қамтамасыз ету» деген 4.1.1-міндет мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Республикалық меншік объектілерін сату бойынша | | % | - | - | - | - | 10 | 100 | 100 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| өткізілетін аукциондардың жалпы көлемінде электронды аукциондар үлесін ұлғайту | «АЕО» АҚ есепті деректері | | | | | | | | |

»;

«Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін іс-шаралар» мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Электрондық аукциондарда жекешелендіру объектілерін сатуды көздейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі қабылданғаннан кейін ММЖК 3 аумақтық бөлімшесінде (Астана қ., Алматы қ., Қарағанды обл.) республикалық меншіктегі жекешелендіру объектілерін сату бойынша электрондық аукциондарды пилоттық режимде өткізу | - | - | x | x | x |

»;

«Ведомствоаралық өзара іс-қимыл» деген 5-бөлімде: мына:

«

| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандарттарына сәйкестігі рейтингін арттыру | БП, ҰҚК, ЭҚСКА, ІІМ, ЖС, ҰБ , СДША, ЭДСМ, Әділетмині, ККМ | Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы және институционалдық шараларды жетілдіру |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандарттарына сәйкестігі рейтингін арттыру | БП, ҰҚК, ЭҚСКА, ІІМ, ЖС, ҰБ, СДША, ЭБЖМ, Әділетмині, ККМ | Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы және институционалдық шараларды жетілдіру |

»;

«Тәуекелдерді басқару» деген 6-бөлімінде: «Сыртқы тәуекелдер» деген кіші бөлімде: мына:

«

| | | |
|---|---|---|
| Өңірлердің бюджеттік тәуелдігінің өсуі | Даму бюджеті мен өңірлердің ағымдағы шығыстарының республикалық бюджетке толық ( тұрақты) тәуелділігі | - СЕК өсуін ынталандыру бойынша нақты шараларды қабылдау;<br>- өңірлердің бюджеттерінде меншікті табыстарының үлесін ұлғайту |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| РББӘ НҚА белгіленген рәсімдерді бұза отырып қызмет (жұмыс) жеткізушілермен келісімшарттар жасасуы | Байланысты гранттардың сыртқы қарыздарының қаражатын алуға өтінімдерін келісу мерзімін ұлғайту және жоспарланған сомалардың игерілмеуі | РББӘ тиісті қызметкерлерімен консультациялар жүргізу |
| Нәтижеге бағытталған жетілдірілген бюджетке көшу бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен республикалық бюджеттік бағдарламалардың пилоттық әкімшілерінің айқын өзара іс-қимылының болмауы | Нәтижеге бағытталған жетілдірілген бюджетке көшу бойынша мерзімдерді республикалық бюджеттік бағдарламалардың пилоттық әкімшілерінің бұзуы | Нәтижеге бағытталған жетілдірілген бюджетке көшу процесін республикалық бюджеттік бағдарламалардың пилоттық әкімшілерімен келісу; Нәтижеге бағытталған жетілдірілген бюджетке бағытталған нормативтік құқықтық актілерді республикалық бюджеттік бағдарламалардың пилоттық әкімшілеріне уақтылы жеткізу |

»

деген жолдар алынып тасталсын;

«Бюджеттік бағдарлама» деген 7-бөлімде:

«Бюджеттік бағдарламалар» деген кіші 7.1-бөлімде:

001 «Бюджеттік жоспарлауды, мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және оның атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» деген бюджеттік бағдарламада:

тақырыбында «бюджеттік жоспарлау» деген сөздер алынып тасталсын;

сипаттамасында «Бюджеттік жоспарлау» деген сөздер алынып тасталсын;

«2013 жыл» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі орталық аппаратының, комитеттерінің және олардың аумақтық органдарының шатат санын ұстау» деген жолда «20 265» деген сандар «20 159» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету» деген жолда «43» деген сандар «41» деген сандармен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолда «52 570 192» деген сандар «52 122 784» деген сандармен ауыстырылсын;

008 «Бюджеттік инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізу» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Бюджеттік инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету» деген жолда «100» деген сандар алынып тасталсын;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:

«Бюджеттік инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізу туралы есеп» деген жолда «2» деген сан алынып тасталсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолда «58 863» деген сандар «0» деген

санмен ауыстырылсын;

021 «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күрделі шығындары» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолда «1 751 716» деген сандар «1 747 572» деген сандармен ауыстырылсын;

060 «Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына мониторинг жүргізу» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету» деген жолдағы «100» деген сандар алынып тасталсын;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:

«Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың іске асырылуының мониторингі бойынша есеп» деген жолдағы «2» деген сан алынып тасталсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «62 813» деген сандар «0» деген санмен ауыстырылсын;

120 «Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстар» деген бюджеттік бағдарлама алынып тасталсын;

«Бюджет шығыстарының жиынтығы» деген кестеде:

«2013 жыл» деген бағандағы «1 509 722 884», «1 295 595 641», «214 127 243» деген сандар тиісінше «1 309 149 656», «1 295 022 413», «14 127 243» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК